

Сапа, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, экология және энергетикалық менеджмент саласындағы Саясат

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС өз қызметкерлерінің, Компания Қатысушыларының және Қазақстан Республикасының өркендеуі үшін «Әлібекмола» және «Қожасай» кен орындарының көмірсутек шикізатын өндіруді жүзеге асыратын Ақтөбе облысының мұнай өндіру секторындағы ірі компаниялардың бірі.

Компания салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыруды, зиянды және қауіпті факторларды жою негізінде өндірістегі жарақаттану мен кәсіптік аурулар тәуекелдерін төмендету, Компания және Компанияның мүддесінде қызметті жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтауды, энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану мен тұтынуды, сондай-ақ өндірістің қоршаған ортаға зиянды әсерлерін азайтуды немесе олардың алдын алуды сапа, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, экология және энергетикалық менеджмент саласындағы өзінің басты мақсаттары деп таниды.

Мақсаттарға қол жеткізу және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетін интеграцияланған менеджмент жүйесін (ИСМ) қолдау үшін біз міндеттенеміз:

- ❖ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, энергетикалық ресурстарды пайдалану, энергия үнемдеу, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметін регламенттейтін ішкі талаптарды сақтау;
- ❖ өзара тиімді серіктестікке ұмтыла отырып, тұтынушының, компанияның қызметкерлері мен қатысушыларының және басқалардың талаптары мен үміттерін үнемі талдап, осы негізде компанияның даму бағдарламаларын қалыптастыру;
- ❖ кәсіпорын өндірістің технологиялық процестері мен әдістерін үнемі жетілдіріп отырады, компанияның жалпы энергия балансындағы жаңартылатын және баламалы энергия үлесін ұлғайту арқылы шығындарды азайтады;
- ❖ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, экология, энергетикалық тиімділік және МИЖ жүйесін жақсарту бойынша мәдениетті дамытуға бағытталған көшбасшылықты көрсету;
- ❖ тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауға негізделген процестік тәсілді қолдану
- ❖ энергетикалық сипаттамалары жақсартылған сенімділігі жоғары энергия тиімді жабдықты сатып алуды жүзеге асыру;
- ❖ энергетикалық менеджмент жүйесінің негізгі сипаттамаларын үнемі бағалауға, бақылауға, өлшеуге және талдауға негізделген энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды басқаруды жүзеге асыру;
- ❖ өндірістік жарақаттанудың және қызметкерлердің денсаулығының нашарлауының алдын алуға бағытталған профилактикалық шаралар кешенін жүзеге асыру;
- ❖ Компания қызметкерлерінің басқару, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, экология және энергия тиімділігі саласындағы құзыреттілік деңгейін арттыру, барлық деңгейдегі персоналдың МИЖ жетілдіруге қатысуын арттыру;
- ❖ өндірістік процестердегі өндірістік тәуекелдерді үнемі төмендету, қоршаған ортаны қорғау және энергия ресурстарын ұтымды пайдалану мен тұтыну арқылы ластанудың алдын алу үшін қызмет жүргізу.

Компанияның жоғары басшылығы жауапкершілікті өз мойнына алады және осы саясатты, мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін барлық қажетті ресурстар мен ақпараттарды бөлуді қамтамасыз етеді. Әрбір қызметкерден осы саясатты орындауға белсенді қатысуды күтеді.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС Бас директоры



К.М Касымғалиев.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС Бас директорының
Бірінші орынбасарың м.а.



Ван Цзяньнин (Wang Jianning)

«26» ақпан 2024ж.